



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 26 тамыз

Ұлттық Банк қолдан жасалған банкноттардың анықталу жағдайлары туралы хабарлайды

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңге, сериялық нөмірі АЕ 8783277 қолдан жасалған ақша белгілерінің сараптамаға келіп түсу жағдайлары туралы хабарлайды.

Қолдан жасалған банкноттар компьютерлік техниканы пайдалана отырып офсеттік қағазда жасалған (түпнұсқа бейнені цифрлау және оны түрлі-түсті принтерде басып шығару), бұл ретте полиграфиялық жабдықта басып шығару белгілері жоқ. УК сәулеленгенде қағаз көгілдір сәуле таратады.



Түпнұсқа



Қолдан жасалған

Микромәтіндер, қосарланған бейнелер, УК және ИҚ сәулеленуде көрінетін бейнелер жоқ.

Қолдан жасалған банкноттарда сүтамғы белгісі банкноттың сырт жағынан жасалған. Қолдан жасалған сүтамғы белгісінің кескініне сәуле түскенде түпнұсқа сүтамғы белгісіне ұқсайды.



Түпнұсқа



Қолдан жасалған



Қолдан жасалған

Банкноттың сырт жағындағы ою-өрнектен және номиналдан тұратын құстың бейнесі түріндегі «Фольга» қорғаныш элементі және үзік-үзік жіп имитацияланған.



Түпнұсқа



Қолдан жасалған

Банкнотта түпнұсқа банкнотта қолмен ұстағанда жақсы сезілетін интаглио мөр (жоғары бедерлі элементтер, оның ішінде көзі нашар көретін адамдар үшін белгі) жоқ.

Қолдан жасалған ақша белгілерінің түс гаммасы түпнұсқа банкнотқа барынша ұқсас. Халық арасында жоғарыда аталған қолдан жасалған банкнотты түпнұсқа банкнот ретінде қабылдау ықтималдылығы бар.



Түпнұсқа



Қолдан жасалған


Алаяқтардың қармағына түспес үшін осы 2017 жылғы үлгідегі, номиналы 500 теңгелік банкноттарда мыналарға назар аудару жеткілікті:

- бейнелер анық, бұлыңғыр емес;
- қағазға тән ерекше сытыры болады және УК сәулелердің әсерінен жарқырамайды;
- жарыққа қарағанда «Самұрық» мифтік құсының бейнесі мен барынша анық бейнеленген номиналдан тұратын сүтамғы белгілері көрінеді;
- банкноттың бет және сырт жағында қосарланған элементтер жарыққа тосып қарағанда тұтас суретті құрап, дәлме-дәл сәйкес келеді;
- номиналы мен «Астана» сөзі бейнеленген үзік сызық түрінде қағаз бетіне шығатын қорғаныш жіп;
- банкноттың бет және сырт жағында арнайы бедерлі мөрді қолмен ұстап сезінуге болады;
- аталған банкноттарда жарық түскенде тегіс сызықты құрайтын қорғаныш үзік жіп бар.


Егер банкнотта барлық осы белгілер болса, онда бұл жалған банкнот емес.

Ұлттық Банк халықты қырағы болуға және қолдан жасалған банкноттарды ажыратуға көмектесетін бірнеше қағидаларды сақтауға шақырады.

1. Алдымен банкнотты **сезіне білу** қажет. Банкнот қағазының ерекше шытыры болады. Банкноттарда бедерлі арнайы мөр бар. Бұл бедерді «Қазақ Елі» монументі, банкнот номиналының әріптік бейнесі, архитектуралық бейнелер, Қазақстан картасы және «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген сөздер орналасқан жерде сезінуге болады.



Барлық банкноттарда көру қабілеті нашар адамдарға арналған шығыңқы жоғары бедерді элементтер түріндегі белгілер бар, оларды қолмен ұстап сезуге болады.



2. Содан кейін банкнотқа мұқият **қарау керек.** Банкноттың түсі анық және қарама-қарсы болуға тиіс, сутамғы белгісі мен номиналдың сандық бейнесін көру үшін банкнотты жарыққа тосып қарау керек.



Осыған ұқсас банкноттың бетіне шығатын, жарық түскенде жазулары бар біртұтас жіп сияқты анық көрінетін үзік сызық түріндегі тұтас магниттік және үзік жіптерге назар аудару қажет.



3. Соңғысы, банкнотты **аударып қарау** қажет. Номиналы 1000, 2000, 5000, 10000 және 20000 теңгелік банкноттарда түсі өзгеретін бояумен салынған сурет түріндегі бейнелер бар. Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде бейнелердің түсі жасыл түстен алтынға өзгереді.



Номиналы 2000 және 5000 теңгелік банкноттардың сырт жағында голографиялық жолақ бар. Голограммадағы суреттер құбылып отырады және динамикалық әсері бар.



Көрсетілген **сезін, қара, аударып қара** әдістері банкноттарды арнайы құрал-жабдықты қолданбастан, түпнұсқалыққа тез көзбен шолып тексеру үшін жеткілікті болып табылады. Аталған әдісті қолдану 5 секундтан аспайды және әрбір адамға банкноттардың түпнұсқалылығын анықтауға көмектеседі.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (5556)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz